



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Баяула жел, көп есілмей, қума бұлтты, төзесің бе?
Ақ қанатты көгершіндей тұрсын солдат төбесінде!
Ақ мамық бұлт, қон алдыма, қайда кеттің, аядың ба?
Ақ марлы боп оралдың ба, әлде оқ үзген аяғыма?
Мүмкін, елге, алып ұштың жауынгердің сағынышын,
Айқасты ол, жалынышым, сенің арман-бағың үшін!
Ақша бұлттым, аялдамай көз алдымнан ұштың ұзап.
Жаралы деп баяндама, күтсін мені, күтсін ұзақ!

Бұл өлеңде ақын елге деген сағынышын, сәлемін майданды кезген үлпілдеген ақша бұлтпен сырласу арқылы жеткізеді. Ақша бұлтты ауылдағы аяулы әжесінің ақ шашына теңейді. Енді бірде келіп, ақша бұлтты сүйіктісі Ақбілектің сәлемі түйілген жел арқылы ұшып келген ақ жібек орамалға балайды. Ақынның бұл теңеулерінде елге деген сағынышпен қоса махаббат та көрінеді. Ол нендей махаббат? Туғандарына деген махаббат және жан-жарына деген махаббат. Махаббат лебімен ұйыған сезімде тұрған солдат ақша бұлтты төбесінен бір елі болса да жібергісі келмейді. Сол үшін баяула, қума бұлтты деп желмен тілдеседі. Ең болмағанда оқ үзген аяғына ақ марлы болып оралуын тілейді. Дегенмен, ақша бұл ақ көгершіндей солдаттың төбесінде ұзақ тұрмайды. Сонда да баяуламай ұшып кетіп бара жатқан ақша бұлттан солдат үмітін үзбейді. Елге сағынышынымды жеткізуге асыға ұшып бара жатыр деп болжайды. Елге сәлемімді жеткізгенде жаралы екенімді айтпа, менің аман оралуыма үміттерін үзбесін, күтсін ұзақ деп ақша бұлтпен қоштасады.

Бұл өлең қан майданда туған өлең. Бірақ қай жағынан қарасақ та оптимисттік сипатта құрылған. Бұл өлеңнің тағы бір ерекшелігі тек бір ғана солдаттың ғана емес, сұрапыл соғыста Отан үшін жанын аямай соғысып жүрген барлық жауынгерлердің сағынышын жеткізеді.

Қолданылған әдебиет

1. Сәрсенбаев Ә. Шығармалар жинағы: 5 томдық. - Алматы: "Жазушы", 1981. - Т. I. Өлеңдер, - 364 бет
2. Сәрсенбаев Ә. Ұстаздар мен тұстастар - Алматы: "Жазушы", 1986 - 440 бет
3. <http://www.qazaquni.kz>

ӘОЖ 821.514

БІР ӨЛЕҢНІҢ ТАРИХЫ

Іскендірова Тоғжан Айдарқызы
Togjan_22_1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология факультетінің I курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.М.Байтанасова

Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұқар жырау, Кемпірбай, Шортанбай, Біржан сал, Әсеттердің мұрасын молынан игерген. Маясар Жапақовтың өлеңдерінің тақырыбы ауқымды, мазмұны бай. Соның ішінде «**Көңіл қаяу**» өлеңіне тоқталмақпыз.

Өлеңмен таныса келе бірнеше сауалдар туындады:

1. Ақынның бұл өлеңі қашан, қандай тарихи кезеңге байланысты жазылған?
2. Осы өлеңнің жазылуына себеп болған оқиға қай жерде болған?

Осы сауалдарға жауап іздеу барысында басылым бетіндегі мына деректерге көңіл аудардық. «Қазақ ауылын қан қақасатып, зар жылатқан ұлы нәубетті де және ұлы зұлматты да сталинизм идеясы әзірлеген еді. Өзінің ауқымы бойынша ол қазақ халқының

басынан кешкен тақсіреттердің ішіндегі ең ауыры. Мәскеуден әдейі жіберілген қызыл миссионер Филипп Голощекиннің қолымен қазақ халқы алғашқы болып казармалық социализмнің құрбандығына ілінді. «Қызыл қырғын» науқаны Шет ауданын кеңінен жайлады. Қарулы отрядтар ауданды мекен етуші іргелі ру Шуаш ауылын қалап, жеті кісісін атып кеткен. Оққа ұшқандардың ішінде Жанқұтты шешеннің немересі Тәтибекұлы Шәкен, Сейітқали, Сейіткамал дегендер бар. Майшора Тәжібай ауылын таң ата қоршап, пулеметпен атқылаған. Ауылдан ақбоз атқа мінген жалғыз-ақ адам қашып шыға алған, қалғаны түгел мерт болған. Мұндай жағдай Шет ауданының бұрынғы орталығы Қызылеспе маңында да болған» [1].

Біз халық ақыны Маясар Жапақов шығармашылығын осы қаралы жылдар оқиғасымен байланыстырамыз. Өйткені ақын өлеңдері ел өміріндегі тарихи оқиғаларды кеңінен қамтиды.

«Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының тарихындағы 1929-1932 жылдардағы аштық адамзат баласының тарихындағы ең бір зұлмат, жан түршіктіретін сұмдық қасірет екендігі ақиқат. Бұл алапат аштық – ауыл шаруашылығын ұжымдастыру саясатын бүркеніп, алайда сол саясатқа мүлдем қарама-қарсы әрекеттерге барып, кеңестік тоталитарлық, әкімшілік-әміршілдік жүйенің қазақ халқының дәстүр-құқық, өзіндік шаруашылық ерекшеліктерін аяқ асты еткен, нәтижесінде тұтастай бір ұлтты қолдан жасаған геноцид пен демографиялық детерминизмге алып келген қылмыстың ең ауыр түрінің қайғылы нәтижесі.

Колхоздастырудың 1929 жылдың орта шенінен басталғаны белгілі. Оның құлаш жаюы Сталиннің осы жылғы қарашадағы «Правда» газетінде «Ұлы бетбұрыс» деп аталатын мақаласының шығуымен тұспа-тұс келді. «Ұлы бетбұрыс» селолық құрылымдарды қатыгез қаталдықпен аяусыз қиратып, қоғамның болашақта туатын проблемаларын біртіндеп әзірлей бастады. Ауылдарда мал саны өсіріліп көрсетілді, алынатын еттің, жүннің көлемі белгілі есептен асып түсті.

Осы міндеттерді орындау үшін шаруалар қыс ішінде қой қырқуға мәжбүр болды. Егіспен айналыспайтын шаруашылықтардан астық талап етілді. Айтқанды орындамаған қожалықтар сотқа тартылды. 1928-1929 жылдары осындай айыпқа ұшыраған 34 мың ауыл-село адамдары сотталды. Мұның өзі ауыл адамдарын үркіту үшін де істелді.

Жоғарыда аталған 34 мың ауыл-селонның қатарында Шет ауданының да ауылдары қалыс қалмады. Осы қайғылы хал Маясар ақынның жүрегінен мынадай жыр болып төгілді:

*Жазамын қарындашты қолыма алып,
Мұңыма таза тыңда, сөзге нанып.
Елімнің қасіретін тартып жүрмін,
Көңілді көтере алмай, әнге салып.
Жайлау жер ессіз қалды қыстауменен,
Ақ доңғал, екі бесік, үш тауменен.
Белсенді атқа мінген болып мықты
Қорқытты қара басты ұстауменен.
Дүние опасы жоқ, бір күншілік,
Түсіп тұр қайран елге бүліншілік.
Шалғының үзеңгіні соғатұғын
Қалды ғой шалғы тимей есіл күлік. [2]*

Қазақ даласында «оттай лаулаған» ашаршылықты көзімен көріп, оны қағаз бетіне түсірген ақынның өлеңін оқығанда ет жүрегі езілмейтін жан қалмас.

Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы ақынның немересі Боранбай Маясаров былай дейді: «Атам саяси сауатты адам болған. Ол әрдайым ел ішінде болып жатқан оқиғаларға үн қосып отырған. Ол – өз халқының нағыз жанашыры. Үш ұлын бірдей майданға аттандырып, екі ұлынан бір күнде қара қағаз алған.

Өз әкем Әбдіқұлдың бұл өлең туралы мынадай естелігі бар. «Сол кезде Шет ауданын НКВД-нің басшылары Н.Сычев (Шишов атанып кеткен), Қалабаев дегендер басқарды. Олардың мойынында біздің ата-аналарымыздың қаны қалды. Бұл иттердің елге істемегені жоқ. Тіпті оларды адамнан туды деуге келмейді. Әтпесе біздің елдің он сегіз адамын бірінің

артына бірін тізіп қойып, бір оқпен атар ма? Бір оқпен 18 азаматты атқанды кім көріп, кім естіпті? Атаң ел ішінде болып жатқан осындай зұлымдық оқиғалардан кейін қатты күйзеліп, жатып қалғаны бар. Бұл өлеңді атам осы оқиғаға байланысты жазса керек.

Мұндай жаппай қырғын «**Жарас қырғыны**» деп аталған. Сол сияқты Шет ауданының орталығы орналасқан қанды қара төбеде 1931 жылы тамызды 29 адам атылған».

Осы орайда 1991 жылы 9 тамыздағы «Қазақ әдебиеті» газетінен алынған статистикалық мәліметке тоқталамыз.

Топ-тобымен кісі атудан Шет ауданы алдына жан салмады.

Мұрағаттан алынған құжатты дәйек етейік:

Жылдар	Халық саны	Осы жылдар арасында мынадай адам саны кеміген
1926	48311	11473
1932	36568	
1933	5021	

1931-33 жылдардағы ашаршылық қасіреті ел тарихындағы қаралы жылдар екені сөзсіз. Бұл – қазақ халқын сан жағынан ойсырата азайтудың жымсысқа саясаты [3].

Ашаршылықты басынан кешпегендер оны толық сезіне алмасы анық. Бәлкім, кейбір жандарға ол аңыз сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ ол – аңыз емес, заманның, дәуірдің шырқыраған шындығы болатын.

«Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ» деп дана Абай айтқандай, сол жылдары талай адам аштықтан өлім құшты.

КСРО жазушылар Одағының мүшесі Кәмел Жүністегінің «Зұлмат алдындағы қырғын» мақаласын оқып, біздің ауданға байланысты мынадай деректер таптық. «1931 жылы халық басына түскен қасіреттен есі танғандай еді. Шет ауданы халқының қолында қалған 80 мың бас ірі қараға 120 мың бас мал тапсыру жөнінде салық түсті. Әуелде салық мал басына түсіп, жұртты біржола сыпырса, кейін тонналап түсетін болды. Айта кетерлік бір сөз, бұл етті апарар жер, сақтар орын жоқ екенін біле тұра Ф.Голощекин тобы солай істеді. Көз көргендердің айтуына қарағанда 1932 жылы халық қырылып жатқанда бұрынғы Нілді руднигінде 100 мың тонна ет өртелді. Сасып, борсыған мыңдаған тонна етті жою Спасск, Бұрмада жүргізілді» [4].

Қазақ халқының басына түскен бұл сұрқия кезең Маясар ақынның өлеңінде шынайы суреттелген.

Жазғалы қарындашты қолыма алдым,

Қызығы болмады ғой жиган малдың.

Бір күндік азығың жоқ, үміт бұлдыр,

Не болды енді халің, қайран халқым.

Қазақстанды кеңінен жайлаған аштық біздің ауданды да бей-жай қалдырмапты.

«Сол жылдары далада тышқан да, жылан да, жеуге жарарлық шөптің тамыры да қалмады. Масақ теріп, күн көрдік. Кей адамдар өлген адамның денесін аршып алып, азық қылды. Менің сіңілім Дариганың да тағдыры өте аянышты. Он үш жылдай бір перзентке зар болыпты. Бір түйір нан таба алмай, сол жалғыз баласынан да айрылады. Кейін баланың күйігіне шыдай алмай, ол кісі жынданып кетті.

Баласын іздеп, күндіз-түні сұңқылдап дауыс қойып жүрген әйелді көрген адамның сай-сүйегі сырқыраушы еді. Құдай ондай жағдайды ешкімнің басына бермесін».

Иә, сол жылдары қазақ даласында иесіз қалған ауылдар көп болыпты. Далада өлген адамдардың сүйегінен аяқ алып жүретін жер қалмапты.

Ғасырлар бойы мал өсіріп күнелткен қазақ халқы 30-жылдардың басында тігерге тұяқ қалмай айырылып, күштеп колхозға тоғытылып, кей басшының қасақана туғызған зұматының салдарынан қатты қарғынға ұшырады. Бір ғана Шет ауданында 48311 адамнан 5021 адам қалған сұмдық хал ақын жүрегін қан жылатты. Болып жатқан қасіретке шамасы

келмеген ақын:

*Дүние, жаңа білдім, жалғанына,
Жеткізді кімді тағдыр арманына.
Сыңсыған қалың елдің орынында,
Жылаймын жалғыз бала қалғанына,-деп зарлай келіп:
Маясар елін жақтап зарлады ғой,
Жырлаудан тіл мен жағзы талмады ғой.
Түтіні тұман болған, қайран елім,
Бір үйден қыстау басы қалмады ғой,
-деп шындықты айтып, өксіген үні құлақтан кетпейді.*

Ақынның бұл зарлы өлеңінің әнін де, мәтінін де жиені Жамау Бодықұлы бізге жеткізді [5].

«Балапан басына, тұрымтай тұсына» дейтін заман келіп, елдің елдігіне сын болды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дулатбеков Н. «Шет өңірі ақындарының антологиясы». Болашақ-Баспасы- 1998.
2. Жүністегі К. Маясар Жапақұлы. Бір ауыз сөз. Астана, 2000.
3. Мұратқызы Б. «Ашаршылық ақиқаты»//«Халық сөзі» №35(283), 2013 жыл 5 шілде.
4. Көлбаев Т. «Ұлт зиялылары ашаршылық тұсында» //«Егемен Қазақстан» 2012 жыл 25 сәуір.
5. Voice & vision журналы. № 4 (28) 2006.

7.3. РУССКОЕ И СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

УДК 81'33

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ РУССКИЙ ЯЗЫК В ЭКОНОМИЧЕСКОЙ СФЕРЕ

Азкенова Жанаргуль Кадырбековна

azkenova@mail.ru

Магистр, старший преподаватель ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

С первых шагов студент вуза погружается в атмосферу особенного, характерного только для его специальности профессионального языка. Основное отличие профессионального языка от обычного, обиходного – это огромное количество специальных слов и выражений, богатая и широко разветвленная терминология, т.е. совокупность наименований, слов и словосочетаний, используемых для точного и однозначного обозначения научных понятий.

Как известно, в лингвистике исследователями был принят термин английского происхождения, представляющий собой кальку, который звучит так: «язык для специальных целей» (в аббревиатурном виде — LSP и ЯСЦ). Следует обратить внимание на тот факт, что интерес к специальному языку (языку общения профессионалов) в наше время родился не в среде филологов. Впервые идея о языке для специальных целей появилась в работах чешского исследователя Любомира Дрозда, который назвал этот язык функциональным языком (или языком в специальной функции), представляющим собой подязык «данного национального литературного языка» [1, 120].

Курс профессионального русского языка в ЕНУ им. Л.Н. Гумилева имеет целью развитие навыков устной и письменной речи в сфере будущей специальности. Для